

**Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен  
Қытай Халық Республикасы Дене мәдениеті және спорт істері жөніндегі мемлекеттік  
Бас Басқармасы арасындағы спорт және дене мәдениеті саласындағы ынтымақтастық  
туралы Келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 9 қыркүйектегі N 867

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1998 жылғы 7 мамырда Пекинде қол қойылған Қазақстан  
Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі  
мен Қытай Халық Республикасы Дене мәдениеті және спорт істері  
жөніндегі мемлекеттік Бас Басқармасы арасындағы спорт және дене  
мәдениеті саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық  
сақтау министрлігі

мен

Қытай Халық Республикасы  
Дене мәдениеті және спорт істері жөніндегі  
мемлекеттік Бас Басқармасының спорт және  
дене мәдениеті саласындағы ынтымақтастық туралы

**КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Дене мәдениеті және спорт істері жөніндегі мемлекеттік Бас Басқармасы екі елдің арасындағы дене мәдениеті мен спорт саласы бойынша достық пен ынтымақтастық байланыстарды нығайтуға деген ниетті басшылыққа ала отырып, мына төмендегілер жөнінде келісті:

Тараптар болашақта екі елдің арасындағы бағдарламаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін зерттеу және әр түрлі бағыттағы қызметтермен танысу үшін спорт делегацияларымен алмасады. Делегация мүшелерінің саны және ресми сапар мерзімі дипломатиялық каналдар бойынша келісіледі.

## 2-бап

Тараптар екі жақ үшін қызығушылық тудыратын спорт жөніндегі іскер жобалар бойынша ынтымақтастыққа ұмтылуға, сонымен қатар екінші Тараптың аумағында өзара келісім бойынша оқу-жаттығу жиындарын және спорт шараларын өткізу үшін спорт ғимараттары мен базаларын беруге ықпал етеді.

## 3-бап

Тараптар спорттық және басқа шараларды бақылаушылармен алмасуды, екінші Тараптың аумағында өтетін спорт түрлері бойынша екі жақты және көп жақты спорт жарыстарына және оқу-жаттығу жиындарына қатысуды жүзеге асырады.

## 4-бап

Тараптар дене мәдениеті және спорт саласындағы ақпараттармен және ғылыми зерттеулер нәтижесімен алмасуды іске асырады.

Тараптар мамандардың дене мәдениеті мен спорттың даму мәселелері туралы семинарлар, курстар және ғылыми конференцияларға қатысуын қолдайды.

## 5-бап

Тараптар дене мәдениеті мен спорттың ғылыми зерттеулерінің дамуына, спорт керек-жарақтары мен жабдықтарын өндірудегі, сонымен қатар спорт объектілерін жобалау және салудағы тәжірибелерімен алмасуға жәрдемдеседі.

## 6-бап.

Тараптар дене мәдениеті мен спорттың дамуы мәселелерімен

айналысатын халықаралық және үкімет ұйымдарының қызметі бойынша жұмыс тәжірибелерімен және ақпараттармен алмасады.

#### 7-бап

Тараптар дене мәдениеті мен спорт саласындағы мамандармен алмасуды, спорт ұйымдарының, спорт мектептерінің, спорт түрлері бойынша федерациялардың арасындағы келісім негізіндегі өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырады және қолдайды.

#### 8-бап

Әрбір Тарап ақпараттар қызметін құруға және осы қызметтің

жұмысы үшін өз елінің заңдар жинағы шеңберінде жағдай жасайды. Ақпараттар қызметі дене тәрбиесі мен спорт мәселелері жөнінде шығарылған газеттер, журналдар, кітапшалармен өзара алмасуды, сонымен қатар осы саладағы баспахана ұйымдарының арасындағы тікелей ынтымақтастықты қамтиды.

#### 9-бап

Тараптар допинг қабылдауға қарсы күрес саласындағы алмасу мен ынтымақтастыққа ықпал етеді.

#### 10-бап

Осы Келісімде қамтылған барлық қызмет түрлері Тараптардың қолданыстағы заңдар мен өзге де нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылуы керек.

#### 11-бап

Тараптардың уәкілетті өкілдері қажет болған жағдайда немесе

екінші Тараптың өтініші бойынша осы Келісімді қарастыру және жүзеге асыру үшін кездеседі.

#### 12-бап

Осы Келісімге сәйкес Тараптар делегациялармен алмасуды келесі талаптар бойынша жүзеге асырады: делегацияны жіберуші Тарап халықаралық көлік пен шетелге шығу шығындарын, делегацияны қабылдаушы Тарап тамақ, тұратын орын және болу мерзіміндегі көлік шығындарын көтереді.

#### 13-бап

Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Келісім бір Тараптың екінші Тарапты осы Келісімнің қызметін тоқтату туралы жазбаша хабарландыруын алғаннан кейін алты айдан кейін күшін жояды.

Пекин қаласында 1998 жылғы 7 мамырда екі түпнұсқа данада қазақ, қытай және орыс тілдерінде жасалды. Барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережесін түсіндіру кезінде алшақтық туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасы  
Білім, мәдениет және  
денсаулық сақтау  
министрлігі үшін

Қытай Халық Республикасы  
Дене тәрбиесі және спорт  
істері жөніндегі мемлекеттік  
бас басқармасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК